

Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі Комитетті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1793. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.12.13. N 1536 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау жөніндегі Комитетті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны 40 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі комитеттіне комитет төрагасының бір орынбасарын, сондай-ақ саны 7 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі комитеттің орталық аппаратына қызмет көрсететін 2 женіл автомобильдің лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы

Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі комитетті орталық аппаратының құрылымы туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 қарашадағы N 1261 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1793 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі комитетті орталық аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Тау-кен және кенсіз өнеркәсіпті қадағалау жөніндегі бөлім

Көмір өнеркәсібін қадағалау жөніндегі бөлім

Мұнайгаз өнеркәсібі, геология және арнаулы өнім құбырларын қадағалау жөніндегі бөлім

Химия, мұнайгаз өндеу және металлургия өнеркәсібін қадағалау жөніндегі бөлім

Газ қазандығын қадағалау, көтергіш жабдықтарды қадағалау және астық өнімдері кәсіпорындарының жарылыш-өртке қауіпті объектілерін қадағалау жөніндегі бөлім

Қауіпсіздікті техникалық құралдармен және өндірісті сақтандыру мен тексеру аспаптарымен қамтамасыз етуді қадағалау жөніндегі бөлім

Техникалық бөлім

Кадр, іс қағаздары және арнайы жұмыстар жөніндегі бөлім

Бухгалтерия